

Б. Бөбекбай, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: Д. Б. Тойматаев, әлеуметтік гуманитарлық пәндер
кафедрасының бастығы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы)

СОТТАЛҒАНДАРДЫ РЕСОЦИАЛИЗАЦИЯЛАУ

Қазіргі таңда қоғамды толғандырып отырған мәселелердің қатарында қылмыстылық және онымен қарқынды түрде күрес жүргізу мәселесі аса өзекті болып табылады. Сотталғандарды ресоциализациялау ауқымды дүние жүзіндегі мемлекеттердің өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ресоциализация латын тілінен аударғанда ре — қайталану, социализация — қоғам дегенді білдіреді. Бұл дегеніміз индивидтің барлық өміріне қайта әлеуметтену. Сонымен ресоциализация қайта әлеуметтену деген мағынаны білдіреді. Ресоциализация индивидтің өмірлік құндылықтарында және нормасында, мақсат-бағдарында өзгерістердің пайда болуы. Өзінің қоғамдағы рөлдерінен және нормаларынан, құндылықтарынан қорқу және мұндағы мінез—құлық қырларынан қорқу десоциализация деп аталады. Яғни десоциализация дегеніміз — қоғамға әлеуметтене алмау немесе бейімделе алмау дегенді білдіреді. Келесі сатыда, өмірлік құндылықтарына және қоғамдағы рөлдеріне, нормаларына қайтадан бейімделу немесе бұрынғы мінез—құлықтарына айырбас жасау ресоциализация деп аталады.

Әлеуметтік бейімдеу дегеніміз — бостандыққа шыққан тұлғаға қоғамға қайтып оралуға, құқықтық мәртебесін қалпына келтіруге мүмкіндік беретін әлеуметтік және психологиялық жіптерден тоқылған көпір. Сотталғандарды қайта тәрбиелеу бүкіл дүниежүзілік қылмыстық саясаттың жетістіктері мен өзгерістерінің көзіне айналатын бағыттарының бірі. Жалпы бейімдеу дегеніміз қоршаған ортаға үйрену, икемделу немесе судай сіңіп, тастай бату деген мағынаны білдіреді. Қылмыстық-атқару жүйесіндегі әлеуметтік жұмыстың ең маңызды міндеттерінің бірі — ол сотталғандардың басты проблемаларын анықтау және қайта қылмыс жасаудың алдын алу мен сол мәселені шешу технологиясы мен әдістерін дұрыс таңдау және қолдана білу десек, қателеспес едік. Пенитенциарлық жұмыс бұл сотталғандардың антиқоғамдық ойларын, мінез-құлықтарын түзеу бағытында жұмыстар жүргізіледі. Батыс Еуропа мемлекеттерінің пенитенциарлық мекемелердегі қайта әлеуметтендіру процесіне шамамен 20-24 сотталғанға 1 психолог, 1 әлеуметтік жұмыскер және 1 офицер тартылады. Айталық, Швед түрмелерінде босатылуға екі немесе үш ай қалғандарға арналып түзету мекемесінің сыртынан үйлер салынған. Онда бостандық тағы өмірге сәйкес барлық жағдай жасалған, яғни, бостандықтағы өмірге бейімделу жұмыстары психолог, әлеуметтік жұмыскерлер және т. б. мамандар тарапынан жүзеге асырылады. Пенитенциарлық мекемесінен тыс жүргізілетін жұмыстар — бұл кезең тікелей әлеуметтік жұмыскерлерге жүктелген. Олар түзеу мекемесінен босанып шыққандардың мамандығын және т. б. ерекшеліктерін анықтай отырып, жұмысқа орналастыруға, тұрмысын оңтайландыруға, сондай-ақ, әлеуметтік көмектің басқа да түрлерін көрсетуде жәрдемдеседі.

Сотталушы түзеу мекемесінің табалдырығын аттаған сәттен бастап онымен қылмыстық-атқару кодексінің талаптарына сай тәрбие жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, психологиялық, құқықтық, дене тәрбиесі, еңбекке тәрбиелеу жұмыстарын да назардан тыс қалмаған. Сотталушылардың қоғамымызда болып жатқан алуан түрлі өзгерістер мен саяси жайлардан хабардар болып отырулары үшін мүмкіндігі келгенінше олардың арасында әлеуметтік құқықтық сабақтар өткізуге жете мән беру керек. Тұлғаның ауытқуы, эмоционалдық және әлеуметтік мінезді, оны қоғамдық өмірге дәрежелі түрде қол жеткізуін қиындатады.

Түрменің жағдайы осы ауытқуларды одан сайын қоздырады және бағынышты қылады, оларды бостандыққа шыққаннан кейін де олардың қол жеткізерлік жетістіктерін түсіріп отырады.

Сотталған адам келесі жағдайларға бейімделуі қажет:

- жазасын өтеп шығу тәртібіне, еңбек жағдайына;
- сотталғандар ортасына, түзеу мекемесінің тұрмысына;
- жаңа еңбек пен тұрмыс жағдайына, ішкі тәртіпке;
- бостандықтағы өмірге, еркін адамдар ұжымына, жанұяның өміріне.

Әлеуметтік бейімделу — бұл тұлғаның сотталғандардың ортасынан жаңа өмір қызмет жағдайына құралдануы. Бейімделу нақты ұжымға немесе топқа және басқа микроәлеуметтік қоғамға әлеуметтік психологиялық бейімделу түсінігі енеді. Сотталған адам әлеуметтік изоляция жағдайына лайықты және лайықсыз жолмен бейімделеді. Лайықты бейімделудің белгілері адамның түрме тәртібін, администрация талабын бұзбауы, өз жүріс тұрысын, сезімдерін реттеу қабілетінің дамуы. Адамның психикалық күйі бостандықтағы күйінен айырықша болмайды. Ол болашақты жоспарлайды, еңбекке, мәдениетті ойын сауыққа белсенді қатысады. Тәрбиеге ішкі қарсыласы жоқ болады. Алғашқы бейімделу - ең маңызды, жауапкершілікті фаза. Адам бірінші рет бірнеше қиыншылықтармен кездеседі, жаңа тәртіппен кездеседі. Соның салдарынан көңілі түсіп, үрейлену, қорқыныш, белгісіздік сезімдері туады, адамның ұйқысы бұзылады. Әлеуметтік бейімделу маңызы тек қана Қылмыстық-Атқару Жүйесіне, сонымен қатар мемлекетке зор екені анық. Дұрыс қолданған әлеуметтік бейімделу арқылы, қайталама қылмыстарды болғызбауға жағдайлар жасаймыз. Қылмыстық-Атқару Жүйесіндегі сотталғандардың әлеуметтік бейімделуін әрі қарай дамытып, жақсартуымыз үшін, жоғарыда айтып кеткен педагогикалық, психологиялық, материалдық, тәрбиелік әсер етуге көп көңіл бөлген жөн.